

«Nursultan» балабақшасының
терроризмге қарсы топ туралы
ЕРЕЖЕСІ

1. Терроризмге қарсы топ (бұдан әрі - Топ) терроризмге қарсы іс-қимыл және тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау кезінде білім беру мекемесінің барлық жеке құрамының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін үйлестіруші орган болып саналады.
2. Топ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қарағанды облысы білім басқармасының, басқа да атқарушы өкімет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. Топ өз қызметін атқарушы билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, сондай-ақ мүдделі ұйымдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.
3. Топ қызметінің негізгі мақсаты терроризмге қарсы іс-қимыл және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және енгізу болып табылады.
4. Топтың негізгі міндеттері:
 - ✓ білім беру объектісі аумағындағы терроризмнің жай-күйі және оның даму үрдістері туралы ақпаратты талдау;
 - ✓ терроризм көріністерінің алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-қимылдардың келісімділігіне қол жеткізу мақсатында білім беру мекемесінің терроризмге қарсы күресті жүзеге асыратын атқарушы билік органдарымен және күш ведомстволарымен қызметін үйлестіру;
 - ✓ терроризмге қарсы іс-қимылға және білім беру мекемесінің тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру;
 - ✓ терроризмге қарсы іс-қимыл және мекеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
5. Топтың құқығы бар:
 - ✓ өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимыл және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті шешімдер қабылдауға;
 - ✓ мемлекеттік, қоғамдық және өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардан өзіне жүктелген міндетті орындау үшін қажетті құжатты, материал мен ақпаратты сұратуға;
 - ✓ Топ жұмысына қатысу үшін мемлекеттік билік органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, ұйымдардың (олардың басшыларының

келісімі бойынша) лауазымды адамдары мен мамандарын және ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін тартуға;

- ✓ Білім беру мекемесі басшысының шешімін талап ететін, Топ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;
- ✓ Топ шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыру.

6. Топ басшысы:

- ✓ Топтың қызметіне басшылық жасайды;
- ✓ Топ қабылдаған шешімдерге қол қояды;
- ✓ өз құзыретіне кіретін мәселелерді шұғыл қарау қажет болған жағдайда Топ кеңестерін өткізу туралы шешім қабылдайды;
- ✓ Топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- ✓ Топ шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады.

7. Топ мүшелері:

- ✓ Топ отырыстарына қатысуға, қаралатын мәселелерді талқылауға және олар бойынша шешімдер әзірлеуге қатысуға;
- ✓ Топ басшысы белгілеген міндеттер мен тапсырмаларды орындауға;
- ✓ Топ шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыруға қатысуға;
- ✓ кеңеске қатысу мүмкін болмаған жағдайда (шұғыл жағдайда) Топтың жауапты басшысына бұл туралы алдын ала хабарлауға;
- ✓ қажет болған жағдайда Топ басшысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша түрде жолдауға міндетті.

Терроризмге қарсы қорғау туралы
басшының орынбасары _____



Мабтасева . С. ТИ .

26.08.2024.

